



KRUPS

PICCOLO XS

ПАЙДАЛАНУШЫҒА
АРНАЛҒАН
НҰСҚАУЛЫҚ



1. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ.....	3
2. ҚҰРАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	5
3. СУСЫН МЫСАЛДАРЫ.....	6
4. ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР.....	7
5. АЛҒАШҚЫ РЕТ ПАЙДАЛАНУ.....	8
5.1 ҚҰРАЛДЫ ІСКЕ ҚОСУ ӘДІСІ	8
5.2 АЛҒАШҚЫ РЕТ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДАҒЫ ШАҰ	8
6. СУСЫН ДАЙЫНДАУ.....	10
6.1 БІР КАПСУЛА (МЫС. ЛУНГО)	10
6.2 ЕКІ КАПСУЛА (МЫС. КАПУЧИНО)	11
7. ТАЗАЛАУ.....	13
8. ТАТТАН КЕМІНДЕ 3-4 АЙДА БІР РЕТ ТАЗАЛАП ТҰРЫҢЫЗ.....	14
9. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ.....	16
9.1 ИНДИКАТОР ШАМЫНЫҢ САРҒЫЛТ ТҮСКЕ ӨЗГЕРУІ	16
9.2 СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА - РЕЗЕРВУАРДА СУ ЖОҚ ДЕГЕН СӨЗ БЕ?	16
9.3 ЕГЕР СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА - КАПСУЛА ЖАБЫЛЫП ҚАЛДЫ ДЕГЕН СӨЗ БЕ?	17
9.4 СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА - ИНЖЕКТОР ЖАБЫЛЫП ҚАЛДЫ ДЕГЕН СӨЗ БЕ? ...	17
9.5 ӘРТҮРЛІ	18

1. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Құрылғыны дұрыс пайдаланбау жарақат алу мүмкіндігіне алып келеді.

Лайықсыз пайдалану немесе нұсқауларды сақтамау жағдайында, өндіруші ешқандай жауапкершілікті көтермейді және кепілдік қолданылмайды.

Кепілдікте жұмыс істемейтін немесе дұрыс жұмыс істемейтін құрылғылар қамтылмайды, себебі оларға техникалық қызмет көрсетілмеген және/немесе тат тазартылмаған.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

1. Бұл құрылғы тек үй тұрмысында пайдалануға арналған. Оны келесі жағдайларда пайдалануға болмайды және кепілдік берілмейді:
 - дүкендерде, кеңселерде және басқа да жұмыс орынжайларында қызметкерлерге арналған ас үйі аймақтарында қолдану;
 - ауылдағы тұрғын үйлерде қолдану;
 - отельдерде, мотельдерде және уақытша тұруға арналған басқа да ғимараттарда клиенттер тарапынан қолдану;
 - үй мейманханаларында қолдану;
2. Құрылғы тек 3400 метрден төмен биіктікте, үй ішінде тұрмысқа пайдалануға арналған.

ЭЛЕКТРЛІК ҚҰАТ КӨЗІ

3. Құрылғыны қуат көзінің розеткасына тек жерге тұйықтаушы қосқышпен ғана жалғаңыз. Кернеу тақтайшада жазылғандай болуы керек. Дұрыс емес қосылымды пайдалану кепілдікті жарамсыз етеді және қауіпті болады.
4. Өртті, электр тогына түсіп қалуды болдырмас үшін, ешкімге зақым келтірмеу үшін құрылғыны, оның ашасын немесе электр сымын суға немесе басқа сұйықтықтарға салмаңыз. Ашаға сұйықтықтың төгілуін болдырмаңыз. Сымды су қолыңызбен ұстамаңыз. Су толтыруға арналған қорға суды асыра құймаңыз.
5. Төтенше жағдайда қуат көзінің розеткасынан ашаны дереу шығарыңыз.
6. Пайдаланылмайтын кезде қуат көзінің розеткасынан ажыратыңыз.
7. Ажырату үшін ашаны қуат көзінің розеткасынан шығарыңыз. Электр сымын тартпаңыз.
8. Сым үстелдің немесе үстелшенің шетінде салбырап тұрмауы керек және ыстық немесе шеті өткір беттікке тимеу керек. Сымды төменге бос жібермеңіз (құрал үстіңгі беттіктен құлауы мүмкін). Сымды ылғал қолыңызбен ешқашан ұстамаңыз.
9. Электр сымы мен ашасы бұзылған құрылғыны пайдаланбаңыз. Егер электр сымы бұзылған болса, қауіп-қатерден сақ болу үшін, оны өндіруші, оның сервис уәкілі немесе білікті маманы алмастыру керек. Ақаулықтары бар немесе зақымдалған құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр сымын бірден токтан ажыратып тастаңыз. Зақымдалған құрылғыны жақын орналасқан NESCAFÉ® Dolce Gusto® жедел қызметі рұқсат еткен сервис орталығына қайтарыңыз.

10. Қуат көзінің розеткасы құрылғыдағы ашаға сәйкес келмесе, NESCAFÉ® Dolce Gusto® байланыс желесі бойынша белгіленген сатудан кейін қызмет көрсету орталықтары арқылы сәйкес түрімен алмастырыңыз.

ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

11. Құрылғыны әрқашан жылу көздерінен және су шұғылаларынан аулақ, тегіс, тұрақты, жылуға төзімді беттікке орнатыңыз.
12. Өте биік саптыаяқ пайдаланылған кезден басқа жағдайда құрылғыны су құйылатын табақшасыз және тамшы торсыз пайдаланбаңыз. Құрылғыны ыстық су дайындауға пайдаланбаңыз.
13. Құралды төңкермеңіз.
14. Жасап шығарушы кеңес бермеген құрал саймандарын пайдалануы, өртке, электр тогының соғуына немесе адамды жарақаттауға келтіреді.
15. Құралды газ немесе электр плитаның үстіне немесе қасына, қыздырылған пештің үстіне қоймаңыз.
16. Сусынды дайындаған кезде ағызғышқа саусақтарыңызды салмаңыз.
17. Құралдың басындағы инжекторды ұстамаңыз.
18. Құрылғыны шығаратын саптамадан ұстап тасымаңыз.
19. Капсула ұстағыш тұрақты магнитпен жабдықталған. Капсула ұстағышты магнитті алаң зиян келтіре алатын құрылғылардың және объектілердің қасына орнатпаңыз, мысалы, несие карталары, USB жинақтағыштар мен басқа сақтағыш құралдар, бейнетаспалар, теледидар және компьютер мониторлары, механикалық сағаттар, акустикалық құралдар және дыбыстық колонкалар.
20. Татты тазарту кезінде құрылғыны өшірмеңіз. Су сұйыққоймасын шайыңыз және құрылғыны тат кетіретін заттың қалдығынан тазалаңыз.
21. Егер ұзақ уақыт ағымына құрылғыны пайдаланбасаңыз, демалыста болған кезде, құрылғыны тазалап және желіден ажыратып тастау керек. Қайтадан пайдаланудың алдында шайыңыз. Құрылғыны қайтадан пайдаланудың алдында шаю циклын пайдаланыңыз.
22. Біз NESCAFÉ® Dolce Gusto® құралына арнап әзірленген және тиісті сынақтардан өткен NESCAFÉ® Dolce Gusto® капсулаларын пайдалануға ұсыныс береміз. Олар өзара әрекеттесуге арналған – өзара әрекеттесу NESCAFÉ® Dolce Gusto® компаниясын әйгілі еткен кофе тұнбасының сапасын қамтамасыз етеді. Әрбір капсула бір шыны кофені дайындауға арналған, оны қайта пайдалануға болмайды.
23. Ыстық капсуланы қолмен шығармаңыз. Пайдаланылған капсулаларды тастау үшін әрқашан капсула ұстағышты пайдаланыңыз.

24. Сусын дайындау үшін капсула ұстағышты әрқашан құрал ішіне салыңыз. Индикатор жанып болғанға дейін капсула ұстағышты шығармаңыз. Капсула ұстағыш орнатылмай құрылғы жұмыс істемейді.
25. Құлыптау тұтқасымен жабдықталған құралдар: пісіру циклдері барысында құлыптау тұтқасы ашылса, күйіп қалу жағдайы орын алуы мүмкін. Құралдағы шамдар жыпылықтауды тоқтатқанша құлыптау тұтқасын тартпаңыз.
26. Денсаулықты қорғау мақсатында әрқашан сұйыққойманы тек қана таза ас суымен толтырыңыз.
27. Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін, капсуланы әрқашан алып тастаңыз және капсула ұстағышты тазалаңыз. Су құйылатын табақшаны және капсула контейнерін күнде тазартып тұрыңыз. Тағамдық аллергияға шалдыққан адамдар үшін: құрылғыны тазарту шарасына сәйкес шайыңыз.
28. Қыздыру элементінің бетінде пайдаланылғаннан кейін қызу қалады және пластик корпус тар пайдаланылғаннан кейін бірнеше минут жылы болып тұрады.
29. Кардиостимулятор немесе дефибрилляторлары бар емделушілерге: кардиостимулятор немесе дефибриллятордың үстіне капсула ұстағышты тікелей ұстамаңыз.
30. Құрылғыны пайдаланған кезде шкафқа қоюға рұқсат етілмейді.

БАЛАЛАР

31. Құрылғы және сымдар 8 жастан кіші балалардың қолы жетпейтін жерлерде орналасуы қажет. Балаларға құралмен ойнауға рұқсат бермеңіз.
32. Құрылғыны 8 жастан үлкен балалар, сондай-ақ ақыл-ой және дене қабілеттіктері шектеулі адамдар және тәжірибесі мен білімі жоқ, бірақ бақыланатын немесе қауіпсіз пайдалану туралы нұсқау берілген және төнетін қауіптерді түсінетін адамдар пайдалана алады.
33. Құрылғы балалардың, науқас, мүмкіндігі шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған; құрылғыны бұдан бұрын пайдаланбаған адамдарға құрылғыны осы нұсқаумен таныспай, пайдалануына тыйым салынады. Осы құрылғының пайдалануын түсінбейтін адамдар ең алдымен пайдаланушыға арналған нұсқаулықты оқып шығып, оның мазмұнын толық түсінуі керек және тиісті жағдайларда ол адамдардың қауіпсіздігі үшін жауапты адамнан пайдалану жөнінде қосымша нұсқаулық алуы қажет.
34. Балаларға құрылғымен ойнауға жол бермеңіз.
35. 8 жастан үлкен балаларға құралды пайдалану және тазалау ересектердің бақылауымен рұқсат етіледі.
36. Балалар құрылғыны ойыншық ретінде пайдаланбауы керек.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

37. Тазалау алдында қуат көзінің розеткасынан ажыратыңыз. Құрылғыны тазалаудың алдында немесе саймандарын орнату, алу алдында оны толық суытыңыз. Сұйықтыққа құрылғыны ешқашан батырмаңыз. Ағынды сумен құрылғыны ешқашан жумаңыз. Құрылғыны тазалау үшін жуғыш құралдарды ешқашан пайдаланбаңыз. Құрылғыны тек қана жұмсақ спонжбен/қылшақпен тазалаңыз. Су резервуары таза азық-түлік үшін қауіпсіз қылшақ арқылы тазартылуы тиіс.
38. Кез келген операция, тазалау және күту, кәдімгі пайдаланудан басқа, NESCAFE® Dolce Gusto® жедел қызметі рұқсат еткен сервис орталығымен жасалу керек. Құрылғының ішін ашпаңыз және тесіктерге ештеңе салмаңыз.
39. Өрт немесе электр тогына түсіп қалу қаупін азайту үшін қақпақты алып тастамаңыз. Құрал ішінде пайдаланушы жөндей алатын бөліктер жоқ. Жөндеуді тек өкілетті қызмет көрсету маманы жүргізуі қажет!
40. Құрылғыны пайдалану әдісі туралы қосымша кепілдемелер www.dolce-gusto.com пайдаланушыға арналған нұсқаулықты қараңыз немесе NESCAFE® Dolce Gusto® жедел қызметі нөміріне телефон соғыңыз.

ҚАЙТА ӨНДЕУ

41. Орама қайта өңделетін материалдардан жасалған. Бағдарламалардың өңдеуіне қосымша ақпаратты алу үшін жергілікті кеңестерге / өкіметке жүгініңіз. Құрылғыда қалпына келтіруге немесе қайта өңдеуге болатын бағалы материалдар бар.

ТЕК ҚАНА ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚТАРҒА: Қоршаған ортаны аялаңыз!



Құрылғыда қалпына келтіруге немесе қайта өңдеуге болатын бағалы материалдар бар.

Оны тиісті түрде кәдеге жарату үшін жақын маңдағы қалдық жинау орнына немесе мақұлданған сервис орталығына тапсырыңыз. Электр құрал-жабдықтарды және электронды аспаптарды пайдалану туралы (WEEE) 2012/19/ЕО Еуропалық Басшылыққа сәйкес, пайдаланылып болған тұрмыстық жабдықтарды сұрыпталмайтын әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға тыйым салынған. Ескі тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау керек, осылайша, олардың сұрыпталуы мен қайта өңделуін оңтайландыруға және адам мен қоршаған ортаға әсерін төмендетуге мүмкіндік беріледі.

2. ҚҰРАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ



1. Су сұйыққоймасы
2. Су резервуарының қақпағы
3. Таңдау тұтқышы
 - 3.1 Суық су
 - 3.2 Тоқта
 - 3.3 Ыстық су
4. Бұғаттаушы тұтқа
5. Шаю құралы
6. Капсула ұстағыш
7. Тазалау инесі
8. Индикатор шамы
9. Инжектор
10. Су құйылатын табақша

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖОЛЫ:

Ағызғаннан кейін 1 минут пайдаланылмаса қосылады.

Қосылғаннан кейін ағызылмаса, 5 минуттан кейін іске қосылады.




Құрылғы үнемдеу режимінде электрді пайдаланатынын есте сақтаңыз (0,27 Вт/сағ.).

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР



- ~ KZ 220–240 V, 50/60 Hz, 1340–1600 W
- P max. 15 bar
- 0,8 L
- ~2 kg
- 5–45 °C 41–113 °F
- A = 13,60 cm
B = 27,60 cm
C = 26,60 cm

3. СУСЫН МЫСАЛДАРЫ


Табақшаны орнатыңыз



Ыстық немесе суық су режимін таңдаңыз



ESPRESSO



35 ml
Ristretto





50 ml
Espresso
Espresso Intenso

CAPPUCCINO



① + ②



200 ml





40 ml

= 240 ml

CHOCOCINO



① + ②



100 ml





110 ml

= 210 ml

CAPPUCCINO ICE



① + ②



30 g




125 ml




85 ml

= 240 ml

4. ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАҢУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР



- ⚠ Су сұйыққоймасына ешқашан ыстық су құймаңыз!
- ⚠ Шаю және сусын дайындау үшін тек ас су пайдаланыңыз.



- ⚠ Құралды әрқашан тігінен ұстаңыз!




- ⚠ Сусын дайын болғанда индикатор шамы қызыл болып 5 секундтай жыпылықтап жанады. Осы уақыт бойы бұғаттаушы тұтқаны көтермеңіз!



- ⚠ Ашаны су қолыңызбен ұстамаңыз. Құралды су қолыңызбен ұстамаңыз!




- ⚠ Ылғал спонжды ешқашан пайдаланбаңыз. Құралдың жоғарғы жағын тазалау үшін тек жұмсақ дымқыл матаны пайдаланыңыз.



- ⚠ Сусынды дайындап болғаннан кейін, капсуланы ұстамаңыз! Ол ыстық болады, күйіп қалуыңыз мүмкін!



- ⚠ Инжекторды саусақ беттігімен ешқашан ұстамаңыз!




- ⚠ Шаю құралын шай немесе ыстық су дайындауға пайдаланбаңыз.



- ⚠ 2 КҮННЕН АРТЫҚ ПАЙДАЛАҢБАҒАН ЖАҒДАЙДА: су резервуарын босатыңыз, шайыңыз, балғын ауыз суымен қайта толтырыңыз және оны машинаның ішіне салыңыз. Қайтадан пайдаланудың алдында, құралды 7. «13» беттегі Тазалау тармағында келтірілген нұсқауларға сәйкес, 4-қадамнан бастап 8-қадамға дейін шайыңыз.

5. АЛҒАШҚЫ РЕТ ПАЙДАЛАНУ


5.1 ҚҰРАЛДЫ ІСКЕ ҚОСУ ӘДІСІ



Таңдау тұтқышы «ТОҚТА» күйінде екеніне көз жеткізіңіз. 2. «5» беттегі ҚҰРАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ бөлімінде берілген дұрыс желі кернеудің пайдаланылуын қамтамасыз етіңіз. Ашаны ток көзіне қосыңыз.



Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Капсула ұстағышты шығарыңыз.



Капсула ұстағышты алғаннан кейін, машина автоматты түрде қосылады. Құрал қызып жатқанша, индикатор шамы шамамен 40 секунд бойы қызыл түспен жыпылықтай бастайды. Содан кейін индикатор шамы тұрақты жасыл түспен жанады. Құрал пайдалануға дайын.

5.2 АЛҒАШҚЫ РЕТ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДАҒЫ ШАЮ




Су сұйыққоймасын таза, ас суымен толтырыңыз. Оны құралға қайта орнатыңыз. Табақшаны алыңыз.




Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Шаю құралын капсула ұстағышқа қойыңыз. Капсула ұстағышты құрылғы ішіне салыңыз. Бос үлкен контейнерді кофе аққыш тесігіне қойыңыз.




Бұғаттаушы тұтқаны түсіріңіз.



Таңдау тұтқышын «СУЫҚ СУ» күйіне ауыстырыңыз. Құрал шаюды бастайды.



Шамамен 60 секунд өткеннен кейін, таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз. Индикатор шамы шамамен 5 секунд бойы қызыл түспен жыпылықтап жанатын болады.




Таңдау тұтқышын «ЫСТЫҚ СУ» күйіне ауыстырыңыз. Құрал шаюды бастайды.

5. АЛҒАШҚЫ РЕТ ПАЙДАЛАНУ



5.2 АЛҒАШҚЫ РЕТ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДАҒЫ ШАЮ

7



Шамамен 60 секунд өткеннен кейін, таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз.

8



Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Капсула ұстағышты шығарыңыз. Шаю құралын алып тастаңыз. Капсула ұстағышты қайта салыңыз.


9



Контейнерді босатыңыз. Су сұйыққоймасын таза, ас суымен толтырыңыз. Су сұйыққоймасын құралға салыңыз. Тамшы табақшаны қайта салыңыз. Құрал пайдалануға дайын.

6. СУСЫН ДАЙЫНДАУ

6.1 БІР КАПСУЛА (МЫС. ЛУНГО)




1 Табақшаны орнатыңыз. Шынаяқты табақшаға қойыңыз. 3. «СУСЫН МЫСАЛДАРЫ» бөлімін немесе ораманы қараңыз. Су сұйыққоймасында таза ас суының жеткілікті екенін тексеріңіз.




2 Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Капсула ұстағышты шығарыңыз. Құрал автоматты түрде өшіп қалады. Құрал қызып жатқанша, индикатор шамы шамамен 40 секунд бойы қызыл түспен жыпылықтай бастайды. Содан кейін, индикатор шамы тұрақты жасыл түспен жыпылықтап жанады. Құрал пайдалануға дайын.




3 Шаю құралының суырылғанына көз жеткізіңіз. Капсуланы капсула ұстағышқа салыңыз. Оны құралға қайта орнатыңыз. Бұғаттаушы тұтқаны түсіріңіз.



4 Таңдау тұтқышын капсуланың қаптамасында келтірілген ұсыныстарға сәйкес «ЫСТЫҚ СУ» немесе «СҮЙІК СУ» күйіне жылжытыңыз. Сусын дайындауы басталды.



5 Дайындау барысында құрал жанында тұрыңыз! Қажетті деңгейге жеткеннен кейін, таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз. Құрал тоқтайды.



6 Сусын дайын болғанда индикатор шамы бірнеше секунд қызыл түспен жыпылықтап жанады да, қалыпты жасыл түске ауысады. **Осы уақыт бойы бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз!**



7 Индикатор шамы тұрақты жасыл түспен жанып тұрғанда құлыптау тұтқасын ашыңыз. Шынаяқты тамшы табақшасынан алыңыз.



8 Капсула ұстағышты шығарыңыз. Пайдаланған капсуланы шығарыңыз. Пайдаланған капсуланы қоқыс контейнеріне салыңыз.




9 Капсула ұстағыштың екі жағын да таза ас суымен шайыңыз. Капсула ұстағышты кептіріңіз. Оны құралға қайта орнатыңыз. Сусыннан ләззат алыңыз!


6. СУСЫН ДАЙЫНДАУ



6.2 ЕКІ КАПСУЛА (МЫС. КАПУЧИНО)




1 Табақшаны орнатыңыз. Шынаықты табақшаға қойыңыз. 3. «СУСЫН МЫСАЛДАРЫ» бөлімін немесе оранамы қараңыз. Су сұйыққоймасында таза ас суының жеткілікті екенін тексеріңіз.




2 Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Капсула ұстағышты шығарыңыз. Құрал автоматты түрде өшіп қалады. Құрал қызып жатқанша, индикатор шамы шамамен 40 секунд бойы қызыл түспен жыпылықтай бастайды. Содан кейін, индикатор шамы тұрақты жасыл түспен жыпылықтап жанады. Құрал пайдалануға дайын.




3 Шаю құралының суырылғанына көз жеткізіңіз. Бірінші капсуланы капсула ұстағышқа салыңыз. Оны құралға қайта орнатыңыз. Бұғаттаушы тұтқаны түсіріңіз.



4 Таңдау тұтқышын капсуланың қаптамасында келтірілген ұсыныстарға сәйкес «ЫСТЫҚ СУ» немесе «СҮЙІК СУ» күйіне жылжытыңыз. Сусын дайындауы басталды.



5 Дайындау барысында құрал жанында тұрыңыз! Қажетті деңгейге жеткеннен кейін, таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз. Құрал тоқтайды.




6 Сусын дайын болғанда индикатор шамы бірнеше секунд қызыл түспен жыпылықтап жанады да, қалыпты жасыл түске ауысады. **Осы уақыт бойы бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз!**



7 Индикатор шамы тұрақты жасыл түспен жанып тұрғанда құлыптау тұтқасын ашыңыз. Капсула ұстағышты шығарыңыз. Пайдаланған капсуланы шығарыңыз. Пайдаланған капсуланы қоқыс контейнеріне салыңыз.



8 Екінші капсуланы капсула ұстағышқа салыңыз. Оны құралға қайта орнатыңыз. Бұғаттаушы тұтқаны түсіріңіз.




9 Таңдау тұтқышын капсуланың қаптамасында келтірілген ұсыныстарға сәйкес «ЫСТЫҚ СУ» немесе «СҮЙІК СУ» күйіне жылжытыңыз. Сусын дайындауы басталды.

6. СУСЫН ДАЙЫНДАУ


6.2 ЕКІ КАПСУЛА (МЫС. КАПУЧИНО)

10



Дайындау барысында құрал жанында тұрыңыз! Қажетті деңгейге жеткеннен кейін, таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз. Құрал тоқтайды.

11



Сусын дайын болғанда индикатор шамы бірнеше секунд қызыл түспен жыпылықтап жанады да, қалыпты жасыл түске ауысады. **Осы уақыт бойы бұғаттаушы тұтқаны көтермеңіз!**

12



Индикатор шамы тұрақты жасыл түспен жанып тұрғанда құлыптау тұтқасын ашыңыз. Шынаяқты тамшы табақшасынан алыңыз.

13



Капсула ұстағышты шығарыңыз. Пайдаланған капсуланы шығарыңыз. Пайдаланған капсуланы қоқыс контейнеріне салыңыз.

14




Капсула ұстағыштың екі жағын да таза ас суымен шайыңыз. Капсула ұстағышты кептіріңіз. Оны құралға қайта орнатыңыз. Сусыннан ләззат алыңыз!

7. ТАЗАЛАУ



Су сұйыққоймасын шайыңыз және тазалаңыз. Азық-түлік үшін қауіпсіз таза қылшақ пен ыдыс жууға арналған сұйықтықты қажетінше пайдаланыңыз. Қайта таза ас суын құйыңыз да, қайтадан құралға орнатыңыз. Су сұйыққоймасын ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды!




Түпқойма мен шаю құралын таза ас сумен шайыңыз. Табақшаны азық-түлікпен үйлесетін таза қылсаппен тазалаңыз. Не болмаса, ыдыс жуғыш машинада жуыңыз.




Капсула ұстағыштың екі жағын да ыдыс жууға арналған сұйықтықпен және таза ас суымен тазалаңыз. Не болмаса, ыдыс жуғыш машинада жуыңыз. Содан кейін оны кептіріңіз. Таза жұмсақ дымқыл матамен инжектордың айналасындағы құралдың басын тазалаңыз.




Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Шаю құралын капсула ұстағышқа қойыңыз. Капсула ұстағышты құрылғы ішіне салыңыз. Бұғаттаушы тұтқаны түсіріңіз. Табақшаны алыңыз. Бос үлкен контейнерді кофе аққыш тесігіне қойыңыз.



Капсула ұстағышты алғаннан кейін, машина автоматты түрде қосылады. Құрал қызып жатқанша, индикатор шамы шамамен 40 секунд бойы қызыл түспен жыпылықтай бастайды. Содан кейін индикатор шамы тұрақты жасыл түспен жанады. Құрал пайдалануға дайын.



Таңдау тұтқышын «ЫСТЫҚ СУ» күйіне ауыстырыңыз. Құрал шаюды бастайды.



Шамамен 60 секунд өткеннен кейін, таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз. Контейнерді шығарып, босатыңыз. **Ескерту: Су ыстық! Абайлап ұстаңыз!**



Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Капсула ұстағышты шығарыңыз. Шаю құралын алып тастаңыз. Капсула ұстағышты қайта салыңыз. Ішінде суы бар болса, су сұйыққоймасынан суды төгіп тастаңыз.



Ашаны ажыратыңыз! Құралды жұмсақ дымқыл матамен тазалаңыз. Содан кейін оны жұмсақ құрғақ матамен кептіріңіз.

8. ТАТТАН КЕМІНДЕ 3–4 АЙДА БІР РЕТ ТАЗАЛАП ТҰРЫҢЫЗ



www.dolce-gusto.com

NESCAFÉ® Dolce Gusto® татты кетіретін ерітіндісін пайдаланыңыз. Тапсырыс беру үшін NESCAFÉ® Dolce Gusto® «жедел желі» қызметіне қоңырау шалыңыз немесе NESCAFÉ® Dolce Gusto® сайтына кіріңіз.



Татты кетіруге сірке суын пайдаланбаңыз!



Татты кетіретін ерітінді құралға тимеуі керек.




Егер индикатор шамының күйі қалыпты жасылдан қалыпты сарғылтқа өзгерсе немесе сұйықтық қалыптағыдан жай (тіпті тамшылап) ақса немесе сусын қалаптағыдан салқындау болса, құралды таттан тазалаңыз.



Ішінде суы бар болса, су сұйыққоймасынан суды төгіп тастаңыз. Қақты кетіретін затты 0,5 литр таза ас сумен өлшейтін шынаяқта араластырыңыз. Осы ерітіндіні су сұйыққоймасына құйыңыз және оны құралға орнатыңыз.



Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Шаю құралын капсула ұстағышқа қойыңыз. Капсула ұстағышты құрылғы ішіне салыңыз. Бұғаттаушы тұтқаны түсіріңіз. Табақшаны алыңыз. Бос үлкен контейнерді кофе аққыш тесігіне қойыңыз.



Таңдау тұтқышын «ЫСТЫҚ СУ» күйіне ауыстырыңыз. Құрал қақ кетіруді бастайды.




Сырттай қарап шыққаннан кейін, су сұйыққоймасының бос екеніне көз жеткізіңіз. Таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз. Қақты кетіру аяқталғаннан кейін, индикатор тұрақты жасыл түспен жанып тұрады.



Контейнерді босатып, тазалаңыз. Су сұйыққоймасын шайыңыз және тазалаңыз. Азық-түлік үшін қауіпсіз таза қылшақ пен ыдыс жууға арналған сұйықтық қажетінше пайдаланыңыз. Қайта таза ас суын құйыңыз да, қайтадан құралға орнатыңыз.

8. ТАТТАН КЕМІНДЕ 3–4 АЙДА БІР РЕТ ТАЗАЛАП ТҰРЫҢЫЗ




Таңдау тұтқышын «ЫСТЫҚ СУ» күйіне ауыстырыңыз. Құрал шаюды бастайды.



Сырттай қарап шыққаннан кейін, су сұйыққоймасының бос екеніне көз жеткізіңіз. Таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз.




Контейнерді босатыңыз. Су резервуарын алыңыз. Қайта таза ас суын құйыңыз да, қайтадан құралға орнатыңыз.



Таңдау тұтқышын «СУЫҚ СУ» күйіне ауыстырыңыз. Құрал шаюды бастайды.



Сырттай қарап шыққаннан кейін, су сұйыққоймасының бос екеніне көз жеткізіңіз. Таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз.



Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Капсула ұстағышты шығарыңыз. Шаю құралын алып тастаңыз. Капсула ұстағыштың екі жағын да таза ас суымен шайыңыз. Капсула ұстағышты қайта салыңыз.



Су сұйыққоймасын таза, ас суымен толтырыңыз. Оны құралға қайта орнатыңыз. Құралды жұмсақ дымқыл матамен тазалаңыз. Содан кейін оны жұмсақ құрғақ матамен кептіріңіз.

9. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

9.1 ИНДИКАТОР ШАМЫНЫҢ САРҒЫЛТ ТҮСКЕ ӨЗГЕРУ



Индикатор шамы сарғылт түске өзгерді




Бұл құралды қақтан тазарту қажеттігін білдіреді. 8. «14» беттегі Таттан кемінде 3–4 айда бір рет тазалап тұрыңыз бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.


9.2 СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА – РЕЗЕРВУАРДА СУ ЖОҚ ДЕГЕН СӨЗ БЕ?



Сұйықтық ақпайды және құралдан қатты шу естіледі. Сур резервуары бос болуы мүмкін.




Таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз.



Су сұйыққоймасында таза ас суының жеткілікті екенін тексеріңіз. Егер су болмаса, дайындауды жалғастыру үшін, оны қайтадан таза ас сумен толтырыңыз және таңдау тұтқышын сәйкесінше «ЫСТЫҚ СУ» немесе «СУЫҚ СУ» күйіне ауыстырыңыз. Егер су резервуары толы болса, 9.3 және 9.4 тарауында сипатталған нұсқауларды қараңыз.

9. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

9.3 ЕГЕР СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА – КАПСУЛА ЖАБЫЛЫП ҚАЛДЫ ДЕГЕН СӨЗ БЕ?



Егер сұйықтық ақпаса: Капсула жабылып немесе басылып қалуы мүмкін.



Тандау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз. Бұғаттаушы тұтқаны көтеріңіз. Құлыптау тұтқасын аша алмасаңыз 20 минут күтіп, әрекетті қайталаңыз.



Құлыптау тұтқасын ашуға болатын жағдайда, 3-қадамды орындаңыз. Болмаса, құралды ажыратып, NESCAFÉ® Dolce Gusto® шұғыл желіге телефон соғыңыз.



Кофей ішпеніз! Пайдаланған капсуланы қоқыс контейнеріне салыңыз.



Құралды капсуласыз жұмыс істепті көріңіз. Егер су ағып тұрса, ол капсуланың жарамсыз екенін көрсетеді. Басқа капсуланы пайдаланыңыз. Егер жоқ болса, «Егер сұйықтық ақпаса – инжектор жабылып қалды» 9.4 нұсқауын орындаңыз.


9.4 СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА – ИНЖЕКТОР ЖАБЫЛЫП ҚАЛДЫ ДЕГЕН СӨЗ БЕ?



Сұйықтық ақпаса: инжектор жабылып, басылып қалуы мүмкін.



Су сұйыққоймасын алыңыз және тазалау инесін алып шығарыңыз. **Инені балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз!**



Ашаны ажыратыңыз! Инжекторға барынша ыңғайлы түрде қол жеткізу үшін құралды еңкейтіңіз. Инжекторды саусақпен ешқашан ұстамаңыз! Инжекторды тазалау инесінің көмегімен тазалаңыз. 8. «14» беттегі Таттан кемінде 3–4 айда бір рет тазалап тұрыңыз бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

9. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ


9.5 ӘРТҮРЛІ



Құрал жұмыс істемейді.




1 Ашаның ток көзіне дұрыс қосылғандығын тексеріңіз. Егер дұрыс қосылған болса, электр тоғы бар екендігін тексеріңіз.



2 Егер құрал қайтадан жұмыс істемесе, NESCAFÉ® Dolce Gusto® «жедел желі» қызметіне қоңырау соғыңыз. «Жедел желі» телефондарын соңғы беттен көруге болады.



Сусын кофе аққыш тесігінен шашырайды.



1 Таңдау тұтқышын «ТОҚТА» күйіне ауыстырыңыз. Кофені ішпеңіз! Капсула ұстағышты шығарыңыз. Пайдаланған капсуланы қоқыс контейнеріне салыңыз.



2 Инжектор инесінің айналасындағы құрал бетін тазалаңыз. Жаңа капсуланы капсула ұстағышқа орнатыңыз да, оны қайта құралға орнатыңыз.



Сұйықтық қалыптағыдан жай (тіпті тамшылап) ақса, басқа капсуланы алып көріңіз. Мәселе шешілмесе, құралды қақтан тазалау керек.



1 NESCAFÉ® Dolce Gusto® татты кетіретін ерітіндісін пайдаланыңыз. Тапсырыс беру үшін NESCAFÉ® Dolce Gusto® «жедел желі» қызметіне қоңырау шалыңыз немесе NESCAFÉ® Dolce Gusto® сайтына кіріңіз.


9. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ




9.5 ӘРТҮРЛІ



Индикатор шамы қызыл түспен тез жыпылықтап жанады.




Құралды өшіріңіз. Токтан алып тастаңыз да 20 минуттай күтіңіз. Капсула ұстағышты шығарып алып, қоқысқа тастаңыз. Содан соң ашасын желіге қосып, құралды қосыңыз.




Егер индикатор шамы әлі де қызыл түспен жыпылықтап жатса, NESCAFÉ® Dolce Gusto® жедел желісіне телефон соғыңыз. «Жедел желі» телефондарын соңғы беттен көруге болады.



Су құралдың астында немесе айналасында жиналады. Сусын дайындау барысында таза су капсула ұстағыш айналасынан ағады.



Ашаны ажыратыңыз!



«Жедел қызметке» NESCAFÉ® Dolce Gusto® бойынша қоңырау шалыңыз немесе NESCAFÉ® Dolce Gusto® сайтына кіріңіз. «Жедел желі» телефондарын соңғы беттен көруге болады.



Су, шаю немесе тат кетіру кезінде, кофе аққыш тесігінен шашырайды.



Шаю құралын капсула ұстағышқа қойыңыз. Капсула ұстағышты құрылғы ішіне салыңыз.



KRUPS



ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

AE 800348786	GB 0800 707 6066	MK 0800 00 200	TH 1-800-295588
AL 0842 640 10	GR 210 6371000	MT 80074114	0-2657-8601
AR 0800 999 81 00	GT 1-800-299-0019	MY 1800 88 3633	TR 0800 211 02 18
AT 0800 365 23 48	HK (852) 21798999	NI 1-800-4000	4 44 31 60
AU 1800 466 975	HN 800-2220-6666	NL 0800-3652348	TT (868) 663-6832
BA 0800 202 42	HR 0800 600 604	NO 800 80 730	TW 0800-000-338
BE 0800 93217	HU 06 40 214 200	NZ 0800 365 234	UA 0 800 50 30 10
BG 0 700 10 330	ID 0800 182 1028	PA 800-0000	US 1-800-745-3391
BR 0800 7762233	IE 00800 6378 5385	PE 80010210	UY 0800-2122
CA 1 888 809 9267	IL 1-700-50-20-54	PH 898-0061	VN 1800 6699
CH 0800 86 00 85	IT 800365234	PK 0800-62282	ZA 086 009 6116
CL 800 213 006	JO +96265902997	PL 0800 174 902	+27 11 514 6116
CO 01800-05-15566	JP 0120-879-816	PT 800 200 153	
CN 4006304868	KR 080-234-0070	PY 0800-112121	
CR 0-800-542-5444	KW +965 22286847	QA +97444587615	
CZ 800 135 135	KZ 8-800-080-2880	RO 0 800 8 637 853	
DE 0800 365 23 48	LB +9614548593	RU 8-800-700-79-79	
DK 80 300 100	LU 8002 3183	SA 8008971971	
DO (809) 508-5100	LT 8 700 55 200	SE 020-299200	
EC 1800 637-853 (1800 NESTLE)	LV 67508056	SG 1 800 836 7009	
EE 6 177 441	MA 080 100 52 54	SI 080 45 05	
ES 900 10 21 21	ME 020 269 902	SK 0800 135 135	
FI 0800 0 6161	Middle East: +97143634100	SR 0800 000 100	
FR 0 800 97 07 80	MX 01800 365 2348	SV 800-6179	